

Көкпекті ауданының Мариногорка ауылы көшесінің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Мариногорка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 мамырда № 7115 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-абаының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысының негізінде, Мариногорка ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, Мариногорка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкпекті ауданының Мариногорка ауылы көшесінің атауын:

1) Школьная көшесін Абай көшесі болып өзгертілсін.

2. "Көкпекті ауданының Мариногорка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Көкпекті ауданында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуін;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

К. Сурашев